

ТАРИХИ АТАУЛАР СЫРЫ БОРИБАЕВА ГУЛНАРА

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
kasyngulnar@mail.ru

Туған жер, өлке, тау, өзен, көл атауларының аталу тарихы бүгінде кез келген ел азаматын толғандырады анық. Жер-су аттарын естігенде бірден, ол қандай мағына береді деген сұрақ мазалайды. Мәселен, ірі қала атауларын алдымен мағынасына орай сыңарларын бөліп ажыратып қараймыз: *Алма+ты, Ақ+тау, Жез+қазған, Қызыл+орда, Шым+кент, Ақ+төбе, Көкше+тау*, және т.б. Әр сыңарының өз мағынасын ашып, қала атауының жалпы беретін мағынасын ойлап табамыз: *Алматы* – алмалы өңір, *Ақтау* – ақ таулары бар қала, *Жез* – жез, алтын қазатын мекен, *Қызылорда* – қызыл қала, *Шымкент* – шым қала, *Ақтөбе* – ақ төбелері бар мекен, *Көкшетау* – көкшелі тау. Мұндай пікірлер ретін «халықтық этимология» немесе жалған этимология дейміз.

«Халықтық этимология – сөздердің дыбыстық ұқсастығына қарай шығу тегін анықтауға байланысты пайда болған атау» [1]. Халықтық этимология мен ғылыми этимологияның мақсаты бір – атаулар аталу себебі мен мағынасын, тарихын ашу. Мақсаттары бір болғанымен, бір-біріне қарама-қарсы құбылыс ретінде қаралады.

Халқы жөнінен өзге облыстарды басып озатын, бұрынғы астана орналасқан облыс – Алматы облысы. Алматы облысы күллі әлемге әйгілі болған, әсем қала, Қазақстанның бұрынғы астанасы – Алматы қаласының атуымен аталады. «*Алматы*» атауын жемістің бір түрі алмамен байланыстырады. Алматы қаласының аталу немесе атауының өзгеру тарихын екі кезеңге бөліп қарауға болады. *Біріншісі*, табылған ескі тиындар мен ертедегі ғұламалар жазбаларына сүйене отырып географиялық тұрғыдан алғанда Іле Алатауы маңайы – *Алмату* (кейбір деректерде *Алатага*) деп аталған. Бұл – қаланың ең бірінші атауы деп жорамалданады. 1979 жылы табылған ескі тиындар XIII ғасырдың соңғы ширегіне тиесілі – бұл қала атауына байланысты хронологиялық тұрғыда ең алғашқысы болып табылады. Мұндай ақпаратқа дейін алғашқы дереккөздердің бірі ретінде Захиредден Мұхамед Бабырдың «*Бабырнама*»-сындағы қалалар тізбегі саналды. Ол жердегі «*Алмату/Алматы*» атауының жанында XVI ғасыр көрсетілген. Дәл осы атау кейіннен Мырза Мұхаммед Хайдардың «*Тарихи Рашиди*» атты еңбегінде кездеседі. Дегенмен, әйгілі археолог К. Байпаков кез келген деректі келтірерде оның территориясына мән беру керектігін айтады, себебі, Алматы орналасқан Жетісу мекені, расымен де, үлкен аумақты жерді қамтиды.

Екінші кезеңде, Алматының атаулары нақты тарихи деректермен келтіріледі. 1854 жылы Ресей патшалығы тарапынан Верный бекінісі салынды, 1867 жылы бекініс көркейіп, қала статусын иемденді. 1921 жылдың 5 ақпанында қалаға «*Алма-Ата*» атауы берілді. Бұл атаудың мағынасы бойынша, қала алма мекені деп сипатталады. *Алма* – жеміс атауы, *Ата* – қарт кісі, әке деген мағынада. Өзінің тарихи атауы «*Алматы*»-ға тек 1993 жылы ие болды.

Белгілі ғалым Т. Жанұзақ өзінің еңбегінде Верныйдың «*Алматы*» емес, «*Алма-Ата*» болып өзгеру себебін былайша тұжырымдайды: «Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы «*Түп-тұқияннан өзіме шейін*» атты XVIII ғасырдағы еңбегінде тамаша адам Алма ата жайлы толық жазып көптеген мағлұматтар берді. Ол кісінің тұрақ, мекен-қонысы: қыс қыстауы Алмаарасанға барар жолдағы Аюлы өзеніндегі Алматы көліне барар сайды қыстаса, жазда қазіргі Алмаарасанды жайлап, суық күзге дейін ауруларға арасан суымен ем-дом жасайды екен. Алма ата қыстаған сай ол кезде Алма ата сайы аталып, жаз жайлауға ем-дом жасаған Арасан Алмаарасан аталыпты. Бұл күнде Алма ата сайы ұмыт болып аталмағанмен, Алмаарасан атауы сақталып, бүгінге кейін адамдарды емдейтін Республикамызға белгілі ірі санаторий болып отыр. Алма ата жүзден аса сүйекті өсімдіктерді будандастырып, алманың

жаңа сорттарын шығарыпты. Бұрынғы Верный қаласының Алма ата аталуының себебі – сол кездегі зиялылар Алма атаның есімін мәңгі есте қалдырып, сол атақты адамды құрмет тұтудан болса керек. Қазақ тарихында қасиетті, киелі, әулие ата-бабалар есімдерімен байланысты жер-су аттарының бары көпке айқын. Мәселен, Қорқыт Ата, Шақпақ Ата, Асық Ата, Бекет Ата, т.т. Алма Ата атауының орысша Алма-Ата деп сызықша арқылы жазылуы сол тілдің орфографиялық заңына байланысты жайт» [2, 38-39].

Алматы атауындағы *Алма* - «алма/яблоко», *ты* - «тау» немесе сөз тудырушы жұрнақты білдіретіндігі ғылыми не халықтық этимология екендігін анықтау болашақтың еншісінде.

Әдебиеттер:

1. Уикипедия Ашық энциклопедиясы. Wikipedia // <http://kk.wikipedia.org>
2. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.